

**Қазақстанның тұрақты экономикалық
өсуіне қол жеткізу үшін инвестициялардың
оңтайлы деңгейі» тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелеріне
Аннотация**

Зерттеу мақсаты – неоклассикалық өсу моделіне негізделіп отырып, Қазақстанның ұзақ мерзімді тұрақты экономикалық өсуіне қол жеткізу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейін анықтау. Зерттеу тобы инвестициялардың экономикалық өсімге әсерін бағалаудың отандық және шетелдік тәсілдерін қарастырды. Жұмыс аясында жеке сектор және жалпы ел деңгейінде инвестициялардың оңтайлы деңгейі бағаланып, жеке сектор инвестициясының тиімділігі жөнінде талдау жүргізілді. Модельді бағалау 2016–2023 жылдар кезеңі үшін, сондай-ақ 2023 жыл үшін жеке жүргізілді.

Міндеттер:

1. Тұрақты ұзақ мерзімді экономикалық өсімге қол жеткізу үшін инвестициялардың оңтайлы деңгейін бағалау бойынша қолданыстағы зерттеулер мен тәжірибеге талдау жүргізу;
2. Жалпы ел бойынша және жеке салалар бөлінісінде инвестициялардың оңтайлы деңгейін бағалау;
3. Жеке сектор бойынша инвестициялардың артық немесе жеткіліксіз деңгейін анықтау;
4. Қазақстан экономикасының салаларына инвестиция тарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны – жалпы Қазақстан бойынша және жеке секторлар бөлінісіндегі инвестициялық нарық.

Зерттеудің әдістемелік, теориялық және эмпирикалық негізі. Зерттеу неоклассикалық өсу моделіне негізделген. Модель өсу теориясының канондық нәтижесіне сүйенген— тұтынудың тұрақты өсу деңгейін барынша арттыратын негізгі капиталдың «Алтын ережесі». Алдыңғы қатарлы ғылыми зерттеулердің өсу теориясының канондық нәтижесіне сүйене отырып, авторлар Қазақстанға лайықты неоклассикалық өсу моделін нарықтық билік пен делдалдық арқылы кеңейтілген жүйесін калибрлетип негізгі капиталдың «Алтын ережесін» анықтауды ұсынады (Ball and

Зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытындылар:

– Қазақстандағы инвестициялық орта жалпы алғанда қолайлы, себебі инвестициялардың нақты табыстылығы оңтайлы деңгейден жоғары.

– Қазіргі инвестиция деңгейі сақталған жағдайда Қазақстан бес жыл ішінде капиталдың оңтайлы деңгейіне жете алады, алайда инвестицияларды салалар арасында неғұрлым тиімді бөлу қажетті жиынтық инвестиция көлемін 10%-ға қысқартуға мүмкіндік береді.

– Талдау нәтижелері нарықтық биліктің тау-кен өндіру секторында және ақпараттық технологиялар (АТ) саласында капиталдың жоғары шекті өнімділігін түсіндіруде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді, бұл салаларда сондай-ақ айтарлықтай үстеме шығындар бар.

– 2016–2023 жылдар бойынша алынған нәтижелер ауыл шаруашылығы мен коммуналдық қызметтер салаларында инвестициялардың тиімсіздігін көрсетсе, 2023 жыл бойынша нәтижелер өңдеу өнеркәсібіндегі соңғы кезеңдегі тиімсіз инвестицияларды айқындайды. Сонымен қатар ақпараттық технологиялар секторы инвестициялардың жеткіліксіз деңгейімен сипатталады.

– – Зерттеу нәтижелері ақпараттық технологиялар секторында орта және ірі кәсіпорындар арасындағы бәсекелестікті арттыру және инвестицияларды ынталандыру саясатын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібінің инвестицияларды тиімді тарту және пайдалану әлеуетін күшейтуге бағытталған шараларды қолдайды.

Зерттеу тобы

Зерттеу жетекшісі – Дэвид Де Ремер, PhD, «Экономика» кафедрасының ассистент-профессоры.

Негізгі орындаушы – Джозеф Конингс, PhD, декан, «Экономика» кафедрасының профессоры.

Негізгі орындаушы – Ергабулова Айгерим Айбатовна, PhD, экономика бойынша постдокторант.

Ғылыми ассистент – Табылды Әділет Асыланұлы

Ғылыми ассистент – Хаган Принц.

Зерттеу нәтижелері бойынша жетекші орындаушылардың жарияланымдары туралы ақпарат: авторлар зерттеу нәтижелерін Зерттеу материалдары 2025 жылғы сәуір айында өткен Еуразиялық бизнес және экономика қоғамының (EBES) 51-конференциясында, сондай-ақ Қазақ-Британ техникалық университетінің Халықаралық экономика мектебі ұйымдастырған 2025 жылғы қолданбалы экономика семинарында таныстырылды. Сонымен қатар жұмыстың аннотациясы EBES-тің 51-конференциясының материалдар жинағында жарияланды (DeRemer &